

## **Үкіметтік емес жастар ұйымдары жеңімпаз атанды**

Қостанай облысының ҮЕҰ арасында жыл сайынғы дәстүрге айналған әлеуметтік идея мен жобалар жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға облыстың барлық ҮЕҰ және БАҚ өкілдерімен басқарма басшылары қатысты. Байқауға облыс бойынша 107 жоба ұсынылып, соның жетеуі 200 мың теңге көлемінде ақшалай берілді. Арқалық қаласынан жәрмеңкеге 14 жоба ұсынылып, соның екеуі жеңімпаз атанды. Атап айтар болсақ, Арқалық политехникалық колледжінің бастамашыл жастары ұсынған «Жастар бастамаларын қолдау» жобасы жеңімпаз атанды. Аталған жобаның әлеуметтік маңызы мектеп оқушыларының кәсіптік бағдарының міндеттерін шешуге бағытталған.

Ал екінші жоба Ы.Алтынсрин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Линия успеха» еріктілер тобының «Өмір ғажап» жобасы жеңімпаз атанды. Жобаның мақсаты студенттерге жастар арасындағы суицидке қарсы іс-шаралар ұйымдастыру. Қаламыздан жеңімпаз атанған екі жобаның да біздің қоғам үшін маңызды мәселе екені анық. Жастардың мұндай мәселелерді көтеруі қуантарлық жағдай. Жоба жеңімпаздарын марапаттау үшін жәрмеңкеге облыс әкімінің орынбасары Марат Қонысбайұлы Жүндібаев қатысып, жеңімпаздарға 200 мың теңгеден тапсырып, дипломадар табыстады.